

THE WAYS FOR INCREASING EFFICIENCY OF USING LAND RESOURCES IN ALMATY OBLAST

Annotation The potential ways for efficient using of land resources and the ways of improving them are defined in the article. The innovation technology is the basis for the rational use of land resources and the guarantee for the production of competitive products.

Key words: land resources, fertility of plough lands, the economic efficiency for using lands, the basis of the rational land use, the innovation technology.

ӘОЖ: 631.18.02

Токпейсова Г.Ш.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН НАРЫҚТЫҚ АЙНАЛЫМҒА ҚАТЫСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер ресурстарын нарықтық айналымға қатыстырудың тиімділігі жазылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жер нарығы, инвестиция, жекеменшіктегі жерлер, жерді пайдаланудың экономикалық тиімділігі.

Кіріспе

Әлемдегі 180-нен астам мемлекет ішінде Қазақстан территориясының көрсеткіші жағынан 9-орында, бүкіл жер шарының 2% алып жатыр. Көпшілік жеріміз ауыл шаруашылығын жүргізуге тәуекелділік аймаққа жатады, бірақ осыған қарамастан, еліміз астық өндіретін алғашқы ондыққа кіреді және экспортқа ұн шығарудан 1-орындамыз. Бірақ, осыншама ұлан-ғайыр территорияның көпшілігі, яғни 70 пайыздан астамы шөлейт және шөл аймақта орналасқан. Еліміздің бүкіл жер қорының 60 пайызы жазық дала, 30 пайызы ұсақ жоталар, 10 пайызы таулы болып келеді. Солтүстіктен оңтүстікке жүретін болсақ, топырақ құнарлығы өзгеріп, осыған байланысты өсімдік дүниесі де алмасып отырады: орманды дала – 0,6 млн. га, дала – 7,4 млн. га; жартылай шөлейт – 37,5 млн. га және шөл – 117,3 млн. га.

Елімізде жер нарығының пайда болғанына 24 жылдай болды. Жердің құндылығы барлық қоғамда оның тұтыну құнын өндіретіндігімен анықталады. Ата Заңымыздың 6-бабында көрсетілген: “Жер жеке меншікте болуы мүмкіндігі” [1]. Жер ресурстары халқымыздың басты байлығы және қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі. Еліміздегі жер ресурстарының нарық талабы мен сұранысына орай айналымға түсуі және оның маңыздылығы болашақта арта беретіндігі айқын.

Қазақстан Республикасы ДСҰ мүшелікке өтуі анықталып отырған кезде және Еуразиялық Одақ кеңістігінен инвестицияның кедергісіз келуі де жер нарығының дамуына тікелей байланысты. Мемлекетімізде жер ресурстары заңды негізде жеке меншікке сатылуда және оның үлесі жылдан-жылға ұлғаюда.


Қазақстан Республикасында 2004-2014 жж. жеке меншікке сатылған жерлер ауданы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Қазақстан Республикасында 2004-2014 жж. жеке меншікке сатылған жерлер ауданы, мың га

1-суреттегі бүгінгі таңда ауылшаруашылық жерлерін жекеменшікке сату серпіні келесідей: 2004 жылы - 48,9 мың га; 2005 жылы - 107,6 мың га.; 2006 жылы - 130,5 мың га.; 2007 жылы - 212,4 мың га.; 2008 жылы - 273,5 мың га.; 2009 жылы - 57,3 мың га.; 2010 жылы - 34,3 мың га.; 2011 жылы - 47,9 мың га.; 2012 жылы - 83,7 мың га; 2013 жылы - 119,5 мың га; 2014 жылы – 104,7 мың га құрап отыр. Мемлекеттік жерлерді жекеменшікке сату серпіні негізінде 2007-2008 жылдары болған яғни 212,4 мың га және 273,5 мың га. Зерттеулер анықтағандай 2011 жылдан бастап ауылшаруашылық жерлерін сату көлемі өсе бастап 2012 жылы 83,7 мың га, ал 2013 жылы 119, 5 мың га жеткен. 2014 ж. көрсеткіштерді 2013 ж. салыстырғанда меншікке сатылған жерлер ауданы 14,8 мың га азайды, немесе 12,38% түсті. 2014 ж. көрсеткіштерді 2012 ж. салыстырғанда меншікке сатылған жерлер ауданы 21 мың га үлкейді, немесе 25,08% көбейді. Ең кішкентай көрсеткіш 2010 жылға жатады – 34,3 мың га [2]. Ең үлкен көрсеткіш 2008 жылға жатады – 273,5 мың га. Жеке меншікке сатылған жерлер ауданының орта арифметикалық көрсеткіші 2004-2014 жж. – 110,9364 мың га.

2014 ж. облыстарда сатылған жерлер ауданы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Облыстарда сатылған жерлер ауданы, мың га.

2-сурет бойынша, соңғы жылдағы жекеменшікке сатылған жерлердің облыстар бойынша үлесі келесідей: Ақмола - 45,4 мың га; Ақтөбе - 13,8 мың га; Алматы - 526,7 мың га; Атырау - 55,3 мың га; Шығыс Қазақстан облысы - 68,9 мың га; Жамбыл - 110,9 мың га; Батыс Қазақстан облысы - 15,6 мың га; Қарағанды - 31,3 мың га; Қызылорда - 170,3 мың га; Қостанай - 45,3 мың га; Маңғыстау - 68,8 мың га; Павлодар - 10,2 мың га; Солтүстік Қазақстан облысы - 5,8 мың га; Оңтүстік Қазақстан облысы – 52 мың га. Облыстарда сатылған жерлер ауданының облыстар бойынша орта арифметикалық көрсеткіші – 87,1642 мың га. Ең кішкентай көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысына жатады – 5,8 мың га. Ең үлкен көрсеткіш алматы облысына жатады – 526,7 мың га.

Нарықтық механизм дамыған мемлекеттердің өзінде де өздігінен реттелмейді, сондықтан жер айналымын мемлекеттік реттеуді қажет етеді.

Жер ресурстарын нарыққа белсенді қатыстырудағы негізгі міндеттер:

- жер қорының құрылымын санаттар бойынша жетілдіру және жердің мақсатты тағайындалуының құрамын экономика және қоршаған ортаны қорғау салаларын дамытудың талаптарына сәйкес келтіру;

- мемлекеттік жер кадастрын жасау және жүргізу, оны автоматтандырылған технологияларға көшіру;

- топырақты сақтау және қалпына келтіру, жер жағдайына жағымсыз антропогендік әсерлерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру есебінен жердің сапалық жағдайын жақсарту;

- сапасы бойынша пайдалануға жарамды алқаптарды ауыл шаруашылығы айналымына тарту;

- әлеуметтік-тиімді жер нарығына және жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды экономикалық ынталандыруға көшу болып табылады.

Осы мәселелерді іске асыру бойынша негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

- аумақтарды ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу;

- диқаншылықпен айналысудың ғылыми-негіздемелік тұқым себу айналымын және аймақтық жүйесін енгізу және меңгеру;

- эрозияға қарсы және өзге де табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру;

- ландшафттық-экологиялық тәсіл негізінде агроқұрылымдардың аумақтарының шаруашылық ішілік ұйымдастырудың жобаларын (бизнес-жоспарларын) әзірлеу;

- ауыл шаруашылығы нысанындағы жер учаскелерін паспорттандыру;

- суармалы жерді пайдалануды жақсарту, топырақтың тұздануы, жел және су эрозиясымен күресудің техникалық жобаларын әзірлеу.

Жер ресурстарын нарықтық айналымға қатыстыру тиімділігі жердің сапалық жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуді қажет етеді. Жоғарыдағы келтірілген экономикалық тетіктер жер нарығының дамуына тікелей әсерін тигізеді және инвестицияның келуіне ықпалын тигізеді. Сонымен қатар жер нарығының әлемдік бай тәжірибесінің озық әдістерін қолдануға мүмкіндік аламыз. Елімізде жер ресурстарының нарықтық айналымға қатыстыра отырып, ұлттық экономикамыз әлемдік үрдістер талабына сай дамиды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Астана: Елорда, 2009 – 55 б.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі – Астана, 2014 – 260 б.

Токпейсова Г.Ш.

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ РЫНОЧНОГО ОБОРОТА ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация В статье рассматривается экономическая эффективность рыночного оборота земельных ресурсов в Республике Казахстан.

Ключевые слова: земельные ресурсы, рынок земли, инвестиция, земельная собственность, экономическая эффективность использования земли.

Tokpeisov G.

THE ECONOMIC EFFICIENCY OF THE MARKET TURNOVER FOR LAND RESOURCES

Annotation In the article the economic efficiency of the market turnover for land resources is considered.

Key words: land resources, land market, investment, land property, the economic efficiency of using lands.

УДК 330.322

Турарбек К.Н., Сыдыкбаева Г.У.

Казахский аграрный национальный университет

РОЛЬ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы влияния иностранных инвестиций на экономическое развитие Казахстана.

Ключевые слова: Инвестиции, иностранные инвестиции, капитал, конкурентоспособность.

Введение

В настоящее время на экономическое развитие Республики Казахстан в том числе влияет вливание иностранных инвестиций, которые поступают как из ближнего, так из дальнего зарубежья. Для развития экономики любой страны, инвестиции являются неотъемлемой частью современной экономики.

В различной научной и юридической литературе дается разное определение Инвестициям. Но несмотря на различие, суть определения одна:

- 1) инвестиции - вложения капитала с целью получения прибыли;
- 2) инвестиции - денежные средства, ценные бумаги, иное имущество, в том числе имущественные права, иные права, имеющие денежную оценку, вкладываемые в объекты предпринимательской и (или) иной деятельности в целях получения прибыли и (или) достижения иного полезного эффекта.

В Законе Республики Казахстан от 8 января 2003 года № 373-ІІ «Об инвестициях» дается точное определение Инвестициям: «Инвестиции - все виды имущества (кроме товаров, предназначенных для личного потребления), включая предметы финансового лизинга с момента заключения договора лизинга, а также права на них, вкладываемые инвестором в уставный капитал юридического лица или увеличение фиксированных активов,